

Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы,
т.ғ.к., доцент
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу
орталығының директоры
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЭТНОСТАРДЫҢ РӨЛІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары беделді халықаралық сарапшылар Қазақстанның этностық және діни қақтығыстар салдарынан ыдырап кетуі мүмкін деген болжамдар жасаған. Қазақстанда Елбасының жүргізген саясаты халықтың бірлігін қамтамасыз етуге бағытталды. Соның нәтижесінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделі жасалды. ҚР Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын толықтай реттейтін нормалар жазылып, онда: «Біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталауының өзі, елдің барлық азаматтарының ортақ идеясын білдіріп тұр. Қазақстандық бірегейлік – жалпыазаматтық құндылықтарды, экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктер теңдігі жүйесін орнықтыруға бағытталды. Осыған сәйкес Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып даму барысында жас ұрпақты тәрбиелеуде Қарағанды облысының барлық этностары елеулі үлес қосып келеді. 1995 жылы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі зор. Бұл идеяны авторы Н. Назарбаев 1992 жылы өткізілген Қазақстан халықтарының I форумында айтқан. 2007 жылғы конституциялық реформа Ассамблеяны конституциялық мәртебесі бар мекеме ретінде бекітті. Ассамблеяға кепілді түрде парламенттік өкілдік берілді. Яғни, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тұрақтылығы мен бейбіт дамуында бұл институттың атқарып келе жатқан жұмыстары айтарлықтай.

Қарағанды облысының статистика мәліметтері бойынша, аймақтағы тұрғындар саны бүгінгі күнде 1 миллион 381 мың 800-дей адамға жеткен. Этникалық құрамы жағынан 42,62%-ын – қазақтар, 40,28%-ын –

орыстар құрайды. Сондай-ақ облыста украин, татар, неміс, корей, шешен, өзбек және басқа да көптеген этнос өкілдері тұрады. Біздің өлке түрлі мәдениет мен дәстүрлердің бірлігін көрсетеді, толеранттығымен, қонақжайлылығымен ерекшеленеді.

Облысымыздың халқы мен мәдениетінің әртүрлілігі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінде көрініс тапты. Әр облыста Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы, түрлі этномәдени бірлестіктері бар. Ассамблеяның басты міндеті – Елбасы жариялаған «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» қағидасын жүзеге асыру. Қазақстан халқы Ассамблеясының қарамағында өз халқының салты мен дәстүрін сақтайтын, тілі мен мәдениетін дамытатын, достық пен бейбітшілік идеясын насихаттайтын этномәдени бірлестіктер бар. Атап айтсақ, өлкеде «Согласие» орыс мәдени орталығы, «Видергебурт» неміс мәдени орталығы, Еврей мәдениетінің орталығы, «Полония» поляк қоғамы, «Авги» грек мәдени орталығы, Қазақстан корейлері қауымдастығының филиалы, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі, «Спадчына» беларусь мәдениетінің қоры, «Дакия» румын қоғамдастығы және т.б. бар. Бұған қоса өлкеде Ассамблея қарамағында бірегей Қазақстан халқының Балалар Ассамблеясы жұмыс істейді.

Тәуелсіздіктің іргетасының берік болуына мәдениет пен экономика саласында да әртүрлі этностардың өкілдері өз үлестерін қосып келеді. Этно-мәдени орталықтар еліміздегі ынтымақ пен бірлік жолында елеулі еңбек атқарып келеді. Олардың арасында жеке тұлғалар да бар.

Еліміздің мәдениеті дамытуда үлес қосып жүрген жыл сайынғы түрлі көрмелерде облысты көпшілікке танымал еткен қолөнерші әйел – Галина Переплеткина. Галина теріге өрнек салумен айналысады. Бұл жұмыс жас ұрпақты өнерге баулуға өз үлесін қосып келеді.

Бүгінгі Қазақстанның мәдениетін дамытуда өзіндік орны бар облыстық халықтың қолөнерін қолдау және ұлттық мұраны сақтау мақсатында құрылған «Шебер» сәндік-қолданбалы өнерінің орталығы да игі істермен айналысады. Орталықты құру идеясының авторы, тері өнерінің шебері – Вшивцева Наталья Николаевна.

Анатолий Петрович Билықтың бүкіл шығармашылық өмірі Қарағанды қаласының қалыптасып, дамуымен байланысты. Бүгінде Қарағанды көшелеріндегі оның салған ескерткіштері қаланың визиткалық карточкасына айналды. Суретші-мүсіншінің таңдаулы шығармалары Кеңес Одағының Батыры Н. Әбдіровке, қазақтың тұңғыш академигі, геолог Қ. Сәтбаевқа, Қарағанды мемлекетік университетінің бірінші ректоры, академик Е. Бөкетовке және басқа да тұлғаларға, тарихи тақырыптарға арналған. Біздің өлкедегі «Шахтерлер даңқы» ескерткіші де А. Билықтың есімін халық арасында танымал етіп, кеншілер еңбегін дәріптеудің символына айналды. Бұл ескерткіштерден басқа, Қазақстанның ірі қалаларында атақты суретші А. Билық жасаған жиырмадан астам ескерткіш пен монумент бар. Талантты суретші, мүсінші А. Билықтың өнер саласындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан марапатталған. Оған 1970 жылы «Қарағанды қаласының құрметті азаматы», 2006 жылы Қазақстан Республикасының өнер академиясының академигі атақтары және 2008 жылы «Достық» ордені берілді.

Біздің облысымыздың белсенді жомарт жандарының бірі – Нұра ауданының «Шахтер» ЖШС директоры Георгий Георгиевич Прокоп. Ол танымал, жаңашыл, үлгілі менеджер және елге құрметті азамат, Қарағанды облысы мәслихатының депутаты.

Нұра ауданының «Шахтер» ауылы бай-қуатты елді мекендердің бірі болып саналады. Оның ұйымдастыруымен ауыл көшелеріне тасжол салынып, жарықтандырылған.

Ыстық және суық су әрбір үйге тартылған. Ауылда жаңадан дәрігерлік амбулатория, қонақүй, дәмхана салынды. Сондай-ақ жергілікті дәріханаға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Георгий Георгиевичтің жеке кәсіпорны тарапынан мешітке, шіркеуге, Қарағандыдағы балалар туберкулез диспансеріне демеушілік жасалынды. Оның қамқорлығымен салауатты өмір салтын насихаттауда үлкен жұмыстар атқарылуда. Ауылда үлкен спорттық сауықтыру кешені салынды. Мұнда қазір хоккей залы, жүзу бассейні, жаттығу залдары бар. Г.Г. Прокоп белсенді қоғамдық қызметі мен әлеуметтік экономикалық, мәдени дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет», «Парасат», «Отан» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бүкіл әлемге танымал боксшы Геннадий Головкин «Туған жер» бағдарламасы аясында Майқұдық шағын ауданында жаңа балалар ойын кешенін салды.

Қарағанды облысында тұратын әртүрлі этнос өкілдері «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты стратегиялық мақаланы жүзеге асыру мақсатында 2018 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы бастау алған жобаға белсене қатысып келеді. Осы жобаны іске асыруда этно-мәдени орталықтары елеулі жұмыстар атқарды. Себебі Қазақтану жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан халқын бір идеяға топтастыратын құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Ол Қазақстан халқына біртұтас ортақ құндылықтарды қалыптастырудың негізі ретінде қазақ халқының тарихын, мәдениетін, философиясын, этикасын дәріптеуге, сондай-ақ Қазақстан этностарының арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын нақты іске асыруға арналған. 2019 жылы жоба Достық үйінде, Орталық Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының ҚХА кафедралары базасында, Қарағанды мемлекеттік

университеттінің «Тұлғатану» ғылыми зерттеу орталығында, этномәдени орталықтарында семинар-тренингтерін өткізу және «Елтану» экспедициясы аясында жүзеге асты. Осы жұмыстың басында мемлекетті құраушы ұлт қазақ халқы тұрды.

Өйткені Абай:

Бірінді қазақ, бірінді дос,
көрмесең істің бәрі бос! – деп өсиет қалдырған.

«Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасының басты мақсаты:

- Мемлекет құраушы ұлттың даналығының бүгінгі ел бірлігіндегі рөлін көрсету;
- Қазақстан халқының ортақ құндылықтарының жалпыұлттық тарихи сана ретіндегі рөлін айқындау;
- Қазақстан этностары арасында Ұлы Дала Елінің тарихын, озық салт-дәстүрлерін, адамгершілік ұстанымдарын насихаттау.

«Қазақтану» жобасы аясында Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен Достық үйінде «Шабыт» халық шығармашылығын дамыту орталығы, «Күй-керуен» шертпе күй орталығы, Арқаның ақындар мектебі, «Мәміле» клубы жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, жоба аясында Ұлт ұясы – Ұлытауда алты күндік «Руханият» тарихи-танымдық этноауыл экспедициясы өтті. Экспедицияға облыстық этномәдени бірлестіктердің жастары және «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы өңірлік штабының мүшелері қатысты. Өскелең ұрпақ пен жастардың туған жерлеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту және ел тарихын кітаптан оқумен қатар көзбен көру арқылы барынша жан-жақты мағлұмат алуына мүмкіндік жасап, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен сусындап, киелі жерлер қатарына кірген тарихи орындармен танысуына мүмкіндік жасалған бұл экспедицияның танымдық маңызы зор болды. Қойнауы

тарихқа толы Ұлытау өңірін бүгінде білмейтін, оны қазақтың рухани астанасы ретінде қабылдамайтын бірде-бір адам жоқ десек қателеспейміз. Экспедиция мүшелері Ұлытау ауданында Орталық Азияда танымал Талдысай қонысы, Басқамыр қалашығы, Едіге батыр тауы, Кенесары хан бекінісі, Алтыншоқы, Дүзен, Алаша хан, Домбауыл, Жошы хан кесенелеріне және Теректі әулие петроглифтері тарихи-мәдени ескерткіштеріне барды. Сонымен қатар Ұлытау өңіріндегі белгілі жаздық орда, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер Абылайды ақ киізге көтеріп, хан сайлаған қасиетті мекен – Хан Ордасы жастар үшін экспедицияның маңызды бағыты болды.

Ал, «Ұлы Дала Елі» тарихи-мәдени экспедициясының аясында Арқаның алтын тәжі – Қарқаралыға барған экспедиция мүшелерінің алғашқы маршруты қазақ халқының ақыны, композитор Мәди Бәпиұлы ескерткішіне барудан басталды. Экспедицияның келесі бір маршруты Құнанбай қажы мешіті болды. Онда лекторлар мен сарапшылар экспедицияның жас қатысушыларына Құнанбай қажының өмірі мен еңбек жолы туралы айтып, Құнанбай мешітінің балалардың конфессионалдық білім алудағы қызметімен таныстырды. Қарқаралы ауданындағы тарихи-мәдени мұраның келесі нысаны ұлы қазақ ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлы сонымен қатар, белгілі саяхатшы, географ, этнограф Григорий Николаевич Потаниннің тоқтаған үйлері болды.

Ал, экспедиция мүшелерінің Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайына баруы – экспедицияның ғылыми-тәжірибелік маңызды элементі болды. Экспедиция мүшелері жергілікті өлкетанушылармен және этнографтармен кездесіп, өңірдегі тарихи ескерткіштер мен мұралар жайлы әңгімелесті. Қазақстан жерінде ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де белгілі Қарқаралы ауданындағы тарихи-мәдени мұра Қызыл кеніш сарайы. Тарихи және

архитектуралық ескерткіш XVI–XVII ғасырларда салынған. Бұл ескерткіш жайында сирек кездесетін мәліметтерді өлкетанушылар мен этнографтар ақсақалдармен бірлесе отырып экспедиция мүшелеріне айтып берді.

Ғылыми және қолданбалы маңызы бар экспедиция бағытының бірі қола дәуірінің «Алат» қонысы. Онда экспедиция мүшелері археологиялық қазба жұмыстарымен айналысып жүрген академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультетінің археологтары және студенттерімен кездесіп, әңгімелесті. «Ұлы Дала Елі» тарихи-мәдени экспедициясының Қарқаралы ауданындағы экспедициясы «Алат» қонысымен аяқталды.

«Ұлы Дала Елі» тарихи-мәдени экспедициясының келесі бағыты Алаш арыстарының атамекені – Ақтоғай ауданы болды. Экспедиция Ақтоғай аудандық археологиялық-этнографиялық музейінен бастау алып, аудан этнографтары және зерттеушілерімен кездесіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау және дәріптеу жөнінде әңгімелесті. Экспедицияның келесі бағыттары Алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев және Әлімхан Ермековке қойылған «Үш Арыс» ескерткіші, атақты емші, есімі аңызға айналған Сана Қожантайұлына арналған Санаби кесенесі (XVIII), Ә.Бөкейханның ата-бабалары жерленген Сарытерек (Талды бейіт) зираты, қоғам қайраткері Ә. Бөкейханның мекені Желтау шатқалы, қола дәуіріне жататын Беғазы кешендері болды.

Қазақтану жобасын насихаттау арнайы «Өз өлкеңді таны» жобасы аясында «Елтану» республикалық туристік-өлкетану экспедициясы жұмысында жалғасты. Бұл экспедицияға 40-тан астам Абай оқуларының, «Мың бала», «Алғысым саған, Қазақстан!», «Ұлт қазынасы», «Түркі әлемі: Күлтегін жырлары» байқауының жеңімпаздары, ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының және республикалық

«Жаңғыру жолы» қозғалысының мүшелері, блогерлер, журналистер, ғалымдар қатысты. Экспедиция барысында ең бірінші Абылай ханның ақылшысы болған атақты жырау Бұқар жырау Қалқаманұлының ескерткішіне барды. Ескерткіш алдында жастарға Бұқар жыраудың 11 толғауы, 11 тілегінің мән-мағынасы түсіндіріліп мына өлең жолдарының бүгінгі күні де өзектілігі түсіндірілді.

«...Сірә, бір кеңес құрыңыз,

Бір ауызды болыңыз...

Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін,

Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!» [2]

Сонымен қатар, жастарға Татулық – ел берекесінің бастауы деген ұстанымның мән-мағынасы түсіндірілді.

Келесі барған жердің бірі таулары биік айбынды көлдері мөлдір айдынды Павлодар облысының Баянауыл жерінде болып, Баянның әлемге әйгілі тұлғаларының тарихымен таныстық. Соның бірі ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кесенесіне барып, оның рухы биік «...Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық, Тастаңыз жамандықты толып жатқан, Құрметті ел билеген хакімдер де...» аталатын қанатты сөздерінің мән-мағынасы түсіндірілді.

Сондай-ақ, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, шешен, Қаржас руынан шыққан атақты би Шорманның Мұсасының кесенесімен танысып, кесене маңындағы тарихи басқа да ескерткіштердің мән-жайын көріп біліп, Абай Құнанбаевтың «Мұса мырза арғын баласының ішінде қолынан іс келетін, тілінен май таматын адам еді. Жаңа туып келе жатқан заманның қатпарлы құбылыстарын дәл түсінген жан еді» теңеуінің тарихи шындығы екендігіне көз жеткіздік. 27 жыл ғана өмір сүріп, артына мол рухани мұра

қалдырған Алаш азаматы, ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыров жайлы туралы айта келе оның мына өлең жолдарының мән-мағынасын түсіндірдік.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Баскадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде Алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.
Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай Алашына қызмет еткен.
Болсада қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Павлодар өлкесінде мол ақпарат алған облыстық өлкетану музейі болды. Музей Орта Азияның табиғатфын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклор Григорий Николаевич Потаниннің есімімен аталады. Өз заманында ол қазақтың болашағы жайлы былай деген еді: «Қараөткел Алаштың ортасы (астанасы) болса, онда университет салып, қазақтың ұлын-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» шығарған, Шоқан, Абайды, Ахмет, Міржақыпты дүниеге әкелген қазақтың кім екенін Европа білер еді-ау...» [3].

Әлемге есімі әйгілі қазақ халқының геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мұражайындағы кездесу өте тартымды болды.

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында ерекше ежелгі металлургия жайлы айтылған. Сол металлургияны зерттеуші қазақ археология ғылымының негізін салушы әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін

қалаушы, бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі, филология ғылымының докторы, Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Бүкіл Еуразия аумағына тараған Беғазы–Дәндібай мәдениеті қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататынын анықтағын. Осы мәдениеттің ескерткіштерін Ақтоғай ауданында алғаш рет тапқан Әлкей Марғұланның Баян тауларының сілемінде орналасқан туған жерінде арнайы қойылған тас белгінің басында тұрып, жастарға Марғұланның әлемдік өркениеттегі мағлұматтар берудің өте бір тарихи танымдық мәні зор болды.

Осы жерде Баян өлкесінен шыққан 12 академиктер туралы айтылды. Соның бірі, Шапық Шөкіұлы Шөкин өрнекті қазақ энергетигі, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы (1953), профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, 1937 жылы Омбының С.М. Кироватындағы ауылшаруашылық институтын бітіріп, Қазақ КСР ауылшаруашылық электрлендіру мекемесінде бөлім бастығы, бас инженер (1937–43), Қазақ КСР ҒА энергетика бөлімінің меңгерушісі (1943–1944), Қазақ КСР ғылым академиясының энергетика институтының директоры (1944–1963) әрі академик – секретарь (1955–1962), Қазақ КСР ғылым академиясының президенті (1964–1967) және президиум мүшесі (1955–1968) қызметтерін атқарды. 1963 жылдан бері Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры Шапық Шөкіұлы Шөкин жайлы жан-жақты әңгіме қозғалды. Экспедиция «Қазақтану» жобасы аясында келесі аялдама Шығыс Қазақстан облысының Алаштың қаласы атанған Семей жері болды. Бұлөлкеде Абай, Шәкәрім білімалған Ахмет Риза медресесінде болып, тұлғалардың өмір жолымен таныстыру жүргізілді. Жастарға келесі жылы 175 жылдығы тойланатын

(1845–1904) ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, орыс және еуропа мәдениеті мен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбаев жайлы ақпараттар беріліп және Абай оқуларының жеңімпазы оқушы Дильназ Абай өлеңдерін оқып, экспедиция мүшелерін және Семей жастарын таңқалдырды. Абайдың мына сөздері «Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар» жастарды тәрбиелеудің бір ұстанымы ретінде.

Семей жеріндегі жастардың рухынтағы бірк өтерген Алаш қозғалысының көсемі, қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедист-ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ескерткіші болды. Алаштың Әлиханы ХХ ғасырдың басындағы қазақтың рухани жаңғыруының басында тұрған тұлға, оның мына тарихи сөздері:

«Қазақтың хандарда хақысы кетті, өмірімнің соңына дейін қазаққа қызмет қыламын! «...Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында келешекте қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресіни маны дәрежесінде ұғып білуге тиіс», [3] – деген бүгінде тұжырым дамалық маңызы жоғары пікірлері жастарға түсіндіріліп, өмірлеріне бағыт нұсқағандай әсер қалдырды. Семей жеріндегі тарихи Жидебай қорығы – тарихи-мәдени және әдеби – мемориалдық, экологиялық аймақ. Мемлекет қамқорлығына алынған. Семей облысы, Абай ауданы жерінде орналасқан. 1990 ж. Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың 150 жылдық мерей тойы қарсаңында ұйымдастырылды. Қорықтың жалпы аумағы 64 кв. км. Экспедиция мүшелеріне Елизавета Седышева Абай өлеңдерін мәнерлеп оқып берді, ол біздің рухымызды биік теткендей әсер берді. Қазақ тілінде еркін

сөйлеп, қазақ тілін өз тілім деп жүрген нағыз патриот және Қазақтану жобасын жүзеге асыруда қосқан үлесі үшін Елизавета Седышева Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Экспедиция барысында Тәуелсіз Қазақстанның тарихына ерекше қызыққан және өздерінің оқуы мен жақсы тәрбиесімен көзге түскен жастар: Седышева Елизавета, Янке Евгений, Расулова Ханануз және тағы басқалары.

Басқа этнос жастарына қазақ халқының, орыстың демократ-ағартушылары мен достығының дәлелі ретінде (30 қазан (11 қараша) 1821 жылы, Мәскеу, Ресей империясы – 28 қаңтар (9 ақпан) 1881 жылы, Санкт-Петербург, Ресей империясы) – ең атақты орыс жазушыларының және ойшылдарының бірі Федор Михайлович Достоевскийдің музейіндегі сұхбат ерекуше болды. Оның Шоқан Уалихановқа жазғаны: ...Сіз өзіңіздің еуропаша толыққанды білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді естен шығармаңыз. Оған қосымша – тағдырыңыз сізге ерекше жан мен жүрек сыйлап таңғажайып адам еткен. Кейін шегінуге болмайды, табандылықпен алға ұмтылыңыз, тіпті керек болса, қулыққа да барыңыз.

Қымбатты Уәлиханым, өзіңіздің тағдырыңыз туралы менің утопиялық долбарларыма күле көрмеңіз. Сізді жақсы көретінім соншалықты, күні бойы өзіңіз бен сіздің тағдырыңыз туралы толғанумен боламын» [4], – деген хат жолдарындағы тарихи пікір-жастарға үлкен әсер қалдырды. Жастар үшін Семей жеріндегі «Еңлік-Кебек» – екі жастың махаббатын жыр ететін шығарма негізінде орнатылған ескерткіш болды. Еңлік пен Кебек туралы хикаялар оқиға болған XVIII ғасырдан бастап ел арасына кең тарағандығы туралы өлкетанушылардың әңгімесі шынайы сол заманға жетелегендей болды. «Қазақтану» жобасын жетілдіру бағытында мынандай істер атқарылды:

- Қазақты таныған басқа этнос өкілдерінің еңбектерін жастар арасында насихатталып келеді;

- БАҚ арқылы өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқы туралы жазған еңбектерімен таныстыру жұмыстары жүргізілуде.

Поляк халқының көрнекті демократ – революционері Адольф Янушкевич: «...Қазақтардың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді. Бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі партияның қақтығысына куә болдым. Сонда Демосфен мен Цицерон жайлы өмірі естімеген шешендерге таң қалып, қол соққанмын. Сонда бұлар тағы, жабайы болғаны ма? Жо-жоқ, Имандай шыным! Тәңірім бойына осынша қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес» (Дневник и письма из путешествия по казахским степям).

Саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы Григорий Николаевич Потанин: «Қазақтар – етітірі, денісалауатты, өмірге іңкәр халық. ...қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар. Тек қазақтардың өздері осы қайнардан тері сайналмаса болғаны» (В юрте последнего киргизского царевича).

Ресейлік дәрігер Николай Зеленд: «... Қазақ – рухында жайсандық, ізгілік тән, ұдайы жайдары жүреді. Бар ниетімен ақкөңіл, адал, басқаның қайғы-қасіретіне ортақтасқыш, қонақжай, салауатты және төзімді» («Киргизы» Омск, 1885).

Ресей географы, статист, қоғам және мемлекет қайраткері Семенов-Тянь-Шанский: «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!».

Ағылшын инженері Д.У. Уарделл: «Қазақтар – ержүрек, еріндікті сүйетін халық. Олар достарына ақкөңіл де, қонақжай, алайда жауларына аяусыз. Оларға табиғат шешендік пен әзіл-мысқыл сезімін молынан сыйлаған».

Орыс жазушысы және қоғам қайраткері Александр Александрович Фадеев: «Қазақ әні Москваны басып кетгі ғой! Қазақтың қандай талантты ел екенін білгің келсе, «Қыз Жібегін» көр! Күләш Бәйсейітова артық-кемі жоқ – бұлбұл!» (Александр Фадеевтың 1936 жыл Всеволод Ивановқа айтқаны).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Айқын. – 2017. – 13 сәуір (№ 54). – 1-2 Б.

2. Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы // Құрастырғандар: Жұмағұлов С.Б. ф.ғ.д., профессор, Жұмағұлов А. ф.ғ.к., доцент. – Қарағанды, 2015. – 464 б.

3. Бейсенбекова Н.А., Смағұлова Г.М., Шотбакова Л.К. Әлихан Бөкейхан-ұлт мақтанышы: монография // – Қарағанды: «Гласир» баспасы, 2016. – 198 б.

4. Бейсенбекова Н.А. Академик Е.А. Бөкетов және Отан тарихы // Академик Е.А. Бөкетовтің ғылыми және шығармашылық мұрасы. Е.А. Бөкетовтың 90 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Қарағанды: 2015. – 18–21 б.

5. Ұлағатқа толы Рух сапары (28.10.19) // Орталық Қазақстан газеті // <https://ortalyq.kz/la-at-a-toly-ruh-sapary/>

6. Руслан Нұрбай «Ұлағатқа толы РУХ сапары» (24.10.19) // <http://qasym.kz/ruslan-nurbaj-ulagatka-toly-ruh-sapary/>

7. «Елтану» – ертеңшілжоба (22 .10. 2019) // ЕгеменҚазақстангазеті // <https://egemen.kz/article/211581-eltanu-%E2%80%93-ertenhshil-dgoba>

8. Дом дружбы Карагандинской области по итогам экспедиции «Елтану» выпустит фотоальбом сакральных мест (15.10.19) // Қазақстан халқы Ассамблеясының ресми

сайты // <https://assembly.kz/ru/news/dom-druzhby-karagani-dnskoj-oblasti-po-itogam-ekspeditsii-eltanu-vypustit-fotoalbum-sakralnykh-mest/>

9. Наследие национальных гениев (15.10.19 г.) // Индустриальная Караганда // <http://inkaraganda.kz/articles/155306>



Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Тарих факультеті
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы Қарағанды облысы этностарының ролі

Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
т.ғ.к., доцент, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау
жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі






**Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып
даму барысында жас ұрпақты
тәрбиелеуде Қарағанды облысының
барлық этностары елеулі үлес қосып
келеді. Бұл жұмыста Қазақстандық
қоғамдық келісімнің моделі ретінде
қалыптасқан ҚХА-ның рөлі зор**

- 
- 1. Үздік ғылыми жоба**
 - 2.«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым!»**
 - 3. «Мың бала»**
 - 4. «Армандаған мамандық»**
 - 5. Жүректен – жүрекке»**
 - 6. «Мейірімділіктен - бірлікке»**
 - 7. «Ұлт Рухы»**
 - 8. «Шанырақ»**
 - 9. «Жаңа ойлар табысқа жетелейді»**

Ұлттық мереке – ұрпаққа өнеге!



**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
атты стратегиялық мақаласын жүзеге
асыру мақсатында 2018 жылы
«Қазақтану» ғылыми-ағартушылық
жобасы бастау алды**

**«Ұлы Дала Елі» тарихи -
мәдени экспедициясы**



АРҚАНЫҢ АЛТЫН ТӘЖІ - ҚАРҚАРАЛЫ



«Қазақстан» жобасын іске асыру барысында **ЖАСТАР** Қарқаралы XX ғ. басындағы демократиялық қозғалыстың бесігі болғандығы туралы ақпараттар алды



Мәди ескерткіші, Құнанбай қажы мешіті, белгілі саяхатшы, географ, этнограф Григорий Николаевич Потаниннің тоқтаған үй Экспедицияға қатысқан өзге этнос жастарына тариха тұлғалар жайында дәріс өткізілді. Олар кейін осы тақырыпқа эсселер жазып, тәуелсіздіктің тарихына үлес қосқан тұлғалар жайлы білімдерін толықтырды.



АҚТОҒАЙ – АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АТАМЕКЕНІ



Алаштың идеясы –
Тәуелсіздік жайлы жас ұрпақ
ақпарат алған сәттер



Экспедиция барысында Тәуелсіз Қазақстанның тарихына ерекше қызыққан және өздерінің оқуы мен жақсы тәрбиесімен көзге түскен жастар: Седышева Елизавета, Янке Евгений, Расулова Ханануз және тағы басқалары

Алаш қаласы - Семей



Қазақтың хандарда хақысы кетті,
өмірімнің соңына дейін қазаққа
қызмет қыламын!

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНУЛЫ
(1668 – 1781 жж.) АТАҚТЫ ЖЫРАУ, XVIII ғ. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АҚЫЛШЫСЫ



«...Сіра, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз...
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай
болыңыз!»

**Тағулық – ел берекесінің
бастауы**

«Намус» азербайжан ұлттық мәдени орталығы



«Джорджия:2007» грузин қоғамдық-мәдени орталығы



«Дағыстан» ұлттық мәдени орталығы



Қарағанды облысы корейлерінің этномәдени бірлестігі



Қарағанды еврей мәдениетінің орталығы



«Қазық» воьльница» қоғамдық бірлестігі



«Wiedergeburt»
неміс орталығы

«Тәжік диаспорасы»
қоғамдық бірлестігі

Т. Шевченко атындағы «Рідне
слово» украин тілі серіктестігі

«Вайнах» шешен-ингуш
этномәдени бірлестігі

«Polonia» Қарағанды облыстық
поляк қоғамы

«Достық» Қытай ұлттық-
мәдени орталығы қоғамдық

«LITUANICA»
қоғамдық
бірлестігі

«Дакия» румын мәдени қоғамы



«Ұлытау» аллеясы мен «Қазақ
еліне мың алғыс» монументі





Этно-мәдени орталықтар еліміздегі ынтымақ пен бірлік жолында елеулі еңбек атқарып келеді. Олардың арасында жеке тұлғалар да бар



Билалі облысымен бірге белгілі жемір жақсарымын бір – Нұра ауданының «Шахтер» ЖШС директоры Георгий Георгиевич Пронин. Ол танымал, жаңашыл, үлгілі меңдегір және елге құрметті азамат. Қарағанды облысы мәсехатының депутат.

Нұра ауданының «Шахтер» ауыл бай-қуатты елді мекендерінің бірі болып саналады. Оның ұйым-дәстүрлерімен ауыл икешеріне тасжал салынып, жарыстырылды. Мәтәк және суық су өңір үйге тартамын. Аумда жаңалар дәрігерінің амбулатория, қомақуі, домбана салыды. Сондай-ақ жергілікті дәріханаға жемір жұмыстары жүргізілді. Георгий Георгиевичтің жеке кәсіпорны таралыны мешітке, шіркеуге, Қырағалдығы балалар туберкулез диспансеріне демеушілік жасамады.

Оның қамқорлығымен салмақты өмір салтын насихаттауда үлкен жұмыстар атқарылады. Аумда үлкен спорттық орындары меншік салыды. Мұнда қаір жемір алы, жүзу бассейні, жағғыу алдыры бар.

П. Пронин белгілі қоғамдық қызметі мен әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет», «Парасат», «Отан» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Осы жетістіктер жайлы бірнеше еңбектер жарық көрді



Ұсыныстар

1. Этно-мәдени бірлестіктер ҚХА рөлі туралы халықтың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіруі қажет
2. Қазақ зиялыларының басқа этностардың өкілдерімен рухани байланыстары туралы ақпараттарды әлеуметтік желі арқылы насихаттау жұмыстарына көңіл бөлу керек
3. Этностар арасында мемлекеттік тілді оқып үйрену жұмыстарын жетілдіру керек
4. Ұлы тарихи тұлғалардың қазақ халқы туралы зерттеулері мен қанатты сөздерін ҚХА-сы кітап ретінде басып шығарса
5. Елбасының ҚХА-сын құрудағы рөлін және осы бағыттағы сабақтастықты насихаттау жұмысында науқаншылыққа жол бермеу



**Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық
мерекесіне өз үлесін қоса бермек!**